

Қазақстан, Қорам, Масақ, Саймасай селолық округтеріндегі ұсақ малдарының сарып ауруын жою мақсатында шектеу қою туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 25 шілдедегі N 2749 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының әділет басқармасында 2008 жылы 5 қыркүйекте N 2-8-98 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 20 желтоқсандағы N 3567 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008.12.20 N 3567 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағы және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық Министрінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 632 "Адам және жануарлар үшін ортақ (бруцеллез) ауруларды алдын алу және күресу жөніндегі ветеринариялық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық Ережені бекіту туралы" бұйрығын басшылыққа ала отырып және Еңбекшіқазақ аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік бас ветеринариялық инспекторының 2008 жылғы 30 маусымдағы N 8 ұсынысына сәйкес адамдарды сарып ауруынан қорғау мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан, Қорам, Масақ, Саймасай селолық округтеріндегі жеке ұсақ малдарының сарып ауруын жою мақсатында шектеу қойылсын.
2. Сарып ауруын жою жөніндегі ветеринариялық-санитарлық іс-шаралар жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы Қазақстан, Қорам, Масақ, Саймасай селолық округтерінің тұрғындары арасында санитарлық-эпидемиологиялық ағарту жұмыстарын күшейтіп, сарып ауруы тіркелген ошақтарда және ол округтегі ауыл тұрғындарынан сарып ауруына қан алу жұмыстары жүргізіліп үнемі бақылауға а л ы н с ы н .
4. Қазақстан, Қорам, Масақ, Саймасай селолық округтерінің ветеринариялық инспекторы малдардың қозғалысын және бекітілген іс-шаралар жоспарының орындалуын қадағалау жұмыстарын қатаң түрде жүргізсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бөлтірік

Аусадықұлы

Жақыповқа

жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Тойбаев

Еңбекшіқазақ

ауданы

әкімдігінің

2008

жылғы

25

шілдедегі

N

2749

қаулысына

қосымша

Қазақстан, Қорам, Масақ, Саймасай селолық округіндегі малдары сарып ауруымен ауырғанына байланысты орындалатын ветеринариялық-санитарлық іс-шаралардың ЖОСПАРЫ

| N | Ветеринарлық-санитарлық шаралар | Орындау мерзімі | Орындаушы | Кімнің бақылауында |
|---|--|-----------------|---|---|
| 1 | Қолайсыз ошаққа аудандық тарапынан әкімдігі қою шектеу | үнемі | Аудандық ауылшаруашылық бөлімі | Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы |
| 2 | Ауру шыққан қораны эпизоотиялық-эпидемиялогиялық тексеру актісін шығару | үнемі | Комиссия құрамы | Аудандық аумақтық инспекциясының бас мал дәрігер инспекторы |
| 3 | Ауру малды шұғыл түрде бөлу тиіс | үнемі | Мал иесі | Селолық округтің вет. инспекторы |
| 4 | Ауру малды алу және жою | үнемі | комиссия құрамы және Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Республикалық эпизоотияға қарсы күрес отряды" | Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы |
| 5 | Мал тұрған қораны тазалап, көң мен қиды далаға бір жерге үйіп шығарылуы тиіс | үнемі | Мал иесі | Селолық округтің вет. инспекторы |
| | Мал тұрған қораға және сойылған жерге | | Лицензиялы мал дәрігер, мал | |

| | | | | | | |
|----|---|-------|---------------------------------|--------------|---|----------|
| 6 | залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу | үнемі | иесі, "РЭО" | РМҚК | Селолық вет. инспекторы | округтің |
| 7 | Қалған малдан 2 рет қатарынан 15-30 күнде қан алу | үнемі | Лицензиялы дәрігер, иесі, "РЭО" | мал мал РМҚК | Селолық вет. инспекторы | округтің |
| 8 | Екі рет таза шыққан сау малды 3 айлық тәртіптің бақылауға алу немесе әр 45 күнде тағы 2 рет қан алу | үнемі | Лицензиялы дәрігер, иесі, "РЭО" | мал мал РМҚК | Селолық вет. инспекторы | округтің |
| 9 | Ауру ошақта қорытынды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу, басқа мал ауырмаса | үнемі | Лицензиялы дәрігер, иесі, "РЭО" | мал мал РМҚК | Селолық вет. инспекторы | округтің |
| 10 | Қолайсыз ошақтан аудандық әкімдігі тарапынан шектеу алу туралы шешімі | үнемі | Аудандық ауылшаруашылық бөлімі | | Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы | |
| 11 | Адамды сарып ауруынан қорғау шаралары және жеке бастың гигиеналық талаптары: | | | | | |
| | 1) Арнайы киімі және аяқ киімі болу керек; | үнемі | Мал иесі | | Селолық вет. инспекторы | округтің |
| | 2) Қолжуғыш, сүлгі, сабын, 1 - көмек көрсететін аптечка; | үнемі | Мал иесі | | Селолық вет. инспекторы | округтің |
| | 3) Кір киімді жуатын салатын, ыдыс болу тиіс; | үнемі | Мал иесі | | Селолық вет. инспекторы | округтің |
| | 4) Үш тастаған қозыларды, бұзауларды жинайтын ыдыс және көметін арнайы шұңқыр | үнемі | Мал иесі | | Селолық вет. инспекторы | округтің |
| | 5) Құрал-сайман, залалсыздандыру препараттары болуы тиіс; | үнемі | Мал иесі | | Селолық вет. инспекторы | округтің |

| | | | | |
|---|------------------------|-------|----------|--|
| 6) ауруына тексерілмеген адамды күтіміне жібермеу | С а р ы п м а л | үнемі | Мал иесі | С е л о л ы қ д ә р і г е р л і к а м б у л а т о р и я с ы н ы ң д ә р і г е р і |
|---|------------------------|-------|----------|--|

*Аудандық ауыл шаруашылық
бөлімінің бастығы* **Б. М. Бименов**

*Аудандық аумақтық инспекциясының
бас мемлекеттік ветеринарлық
инспекторы* **М. Т. Мұстафаев**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК